



Автор: Муратова Маржан Абдумуталаповна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ежелгі көшпелілер өмірі

Тақырып: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.2.1.2 – ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Сабақтың мақсаты:	<i>Барлық оқушылар:</i> Ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттай алады. Салт-дәстүрдің мағынасын ашып айтады. <i>Көпшілігі:</i> Көшпелілер салт-дәстүрлерінің маңызын ашып айтады, сахналап көрсетеді. <i>Кейбір оқушылар:</i> Көшпелілер салт-дәстүрлерін қазіргі салт-дәстүрлермен салыстырады, талдау жасайды.
Тілдік мақсаттар:	<i>Кілттік сөздер:</i> салт-дәстүр, Наурыз, көкпар, саятшылық Жазылым дағдысы: 1-2 тапсырмалар (жұптық, топтық жұмыс) <i>Айтылым дағдысы:</i> «Еркін әңгіме» әдісі бойынша өз ойларын айту, 1-4 тапсырма, проблемалық сұраққа талдау жасау (жеке, топтық жұмыс) Оқылым дағдысы: мәтінмен жұмыс, 1-3 тапсырмалар (топтық, жұптық жұмыста) <i>Тыңдалым дағдысы:</i> 2 -4 тапсырма, анықтамаларды тыңдау (жеке жұмыс) Жазылым-айтылым, оқылым –айтылым, жазылым –айтылым, көрсетілім-жазылым.
Күтілетін нәтиже:	Ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттайды; Салт-дәстүрдің мағынасын аша біледі; Салт-дәстүрлердің көшпелілер дүниетанымына әсерін анықтайды; Көшпелілер салт-дәстүрлерін қазіргі салт-дәстүрлермен салыстырады.
Бағалау критерийлері:	Ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттайды; Салт-дәстүрдің мағынасын аша біледі; Салт-дәстүрлердің көшпелілер дүниетанымына әсерін анықтайды; Көшпелілердің салт – дәстүрлерінің маңызын түсінеді; Салт-дәстүрді сахналап көрсетеді; Көшпелілер салт-дәстүрлерін қазіргі салт-дәстүрлермен салыстырады.
Құндылықтарды дарыту:	- Отансүйгіштік; - ұлттық сана – сезім; - шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; - қарым-қатынас жасау қабілеті; - өмір бойы оқуға дайын болу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақтаны пайдалану, презентация, бейнематериал
Пәнаралық байланыс:	Қазақ әдебиеті
Бастапқы білім:	Көшпелілер шаруашылығы мен көшпелілер баспаналарының ерекшеліктерімен танысқан.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (10 минут)	Оқушылармен сәлемдесу. «Амандасу» тренингін өткізу арқылы жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқушыларды мақал-мәтелдер тіркесін тарату арқылы 3 топқа бөлу. «Қар көшкіні» әдісі арқылы сұрақ жауап өткізу. Қолдарындағы қар кесегін бір-біріне лақтыра отырып сұрақтар қояды. ҚБ: лайк, дизлайк. Қызығушылықты ояту «Ойлан, тап!» Оқушылардың сабақ қызығушылығын арттыру және сабақ тақырыбына шығу мақсатында, оқушылардың назарына суреттер ұсынылып, сұрақ қойылады. Суреттен нені байқап тұрсыңдар? Оқушыларды сабақтың тақырыбымен, оқу мақсаттарымен және бағалау критерийлерімен таныстыру. Оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. □ Салт-дәстүр дегеніміз не? □ Біз қандай салт – дәстүрлерді білеміз? Оқушылар салт - дәстүрлер туралы БББ стратегиясын толтырады. Білемін Білгім келеді Білдім Мақсаты: Бұл әдіс оқушылардың өздерінің қазіргі білім деңгейін, оларда қандай олқылықтар бар екенін анықтауға; өз оқуының табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында жоспарлауға және зерттеуден кейін қандай жаңа ақпарат зерделенгенін талдауға арналған стратегия ретінде пайдаланылады.	Үлестірмелі материал Суреттер Қазақстан тарихы Жалпы білім беретін мектептің 5 сыныбына арналған оқулық С.Р.Ахметова, А.М.Ибраева, А.С.Мағзұмова, А.М.Марқабаева – Астана: НЗМ, 2017
Сабақтың ортасы (25 минут)	Бүгінгі сабағымыздың зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт – дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды? «Үш қадамдық сұхбат» әдісі Төрт адамнан тұратын топтарды жұптарға бөлеміз: А және Ә, Б және В. 1-қадам. А Ә-дан сұхбат алады, ал Б В-дан сұхбат алады. 2-қадам, керісінше. Ә А-дан сұхбат алады, ал В Б-дан сұхбат алады. 3-қадам. Әр оқушы өз жұбы туралы ақпаратпен төрт адамдық топ ішінде бөліседі. Мақсаты: Ақпарат алу, терминдерді түсінуді дамыту, алынған ақпаратты өңдеу және талдау дағдыларын, бақылаушы рөлі арқылы өзінің іс-әрекеттеріне талдау жасау дағдыларын дамытуға бағытталған тәсіл. «Айналыс бекет» әдісі Барлық оқушылар: Топтар бірлесе отырып бекеттер тақырыптарына байланысты өз ойларын жазып өтеді. Өз орындарына келген топ бекеттерінде жазылған тұжырымдарды қорытындылап, өз ойларын қосып ортаға салады. 1-бекет «Көшпелілер дүниетанымы» 2-бекет «Көкпар» 3-бекет «Саятшылық» <u>Дескриптор:</u> -Ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттайды -Салт-дәстүрдің мағынасын аша біледі -Көкпар ойынының ерекшеліктерін атап айта алады -Құсбегі сөзіне анықтама бере алады -Саятшылық кәсібінің мәнін анықтайды ҚБ: «Бағдаршам» әдісі арқылы «РАФТ» әдісі Көпшілік оқушылар: Топтарға салт-дәстүр атауы жазылған қағаз беріледі. Олар көрініс ретінде бейнелейді. Көрші топ қандай дәстүр екендігін тауып, маңыздылығын айтады. <u>Дескриптор:</u> -Салт-дәстүрлерді атап айта алады - Көшпелілердің салт – дәстүрлерінің маңызын түсінеді -Салт-дәстүрді сахналап көрсетеді ҚБ: «смайлик» арқылы	Таратпа мәтін Флипчарт

Сабақтың соңы (5 минут)	Кейбір оқушылар: «Еркін әңгіме» Сауалдар төңірегінде өзара пікір алмасу - Бүгінгі күні көшпелілердің қандай салт – дәстүрлері сақталған? -Салт-дәстүрлердің көшпелілер дүниетанымына әсері қандай болды? ҚБ: «алақан-жұдырық» әдісі арқылы <u>Дескриптор:</u> -Көшпелілер салт-дәстүрлерін қазіргі салт-дәстүрлермен салыстырады -Бүгінгі күнге дейін сақталған салт-дәстүрлерді атап айта алады -Салт-дәстүрлердің көшпелілер дүниетанымына әсерін анықтап айтаалады «БББ» стратегиясын толтырады Білемін Білгім келеді Білдім Кері байланыс «Баспалдақ» әдісі бойынша кері байланыс алу Үйге тапсырма: «Отбасымның салт-дәстүрлері» тақырыбына эссе жазу	
Рефлексия	Жалпы сабақ барысында тапсырма, дереккөздермен жұмыс қолданылды. Диалог және қолдау көрсету. «БББ» кестесін толтыру Бұл әдіс оқушылардың өздерінің қазіргі білім деңгейін, оларда қандай олқылықтар бар екенін анықтауға; өз оқуының табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында жоспарлауға және зерттеуден кейін қандай жаңа ақпарат зерделенгенін талдауға арналған стратегия ретінде пайдаланылады. «Үш қадамдық сұхбат» әдісі Ақпарат алу, терминдерді түсінуді дамыту, алынған ақпаратты өңдеу және талдау дағдыларын, бақылаушы рөлі арқылы өзінің іс-әрекеттеріне талдау жасау дағдыларын дамытуға бағытталған тәсіл. «Айналмалы бекет» әдісі Бұл әдіс арқылы оқушылар алған білімдерін жинақтап, ойларын қорытындылайды. «РАФТ» әдісі Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын ортаға салады, салт-дәстүр жөнінде түсініктері дами түседі. Үйге тапсырма: «Отбасымның салт-дәстүрлері» тақырыбына эссе жазу	